

Меркі ауданында 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Меркі аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 576 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 25 желтоқсанда № 2871 болып тіркелді № 2871

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Меркі ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меркі ауданында 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Меркі ауданы әкімінің орынбасары Төленді Беделбайұлы Рысқұлбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарына мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылдың 5 қаңтарынан туындайтын қатынастарға таралады.

Аудан әкімі

Б. Кәпбосынов

Меркі ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "26" қарашадағы
№ 576 қаулысына қосымша

Меркі ауданында 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Мектепке	Мемлекеттік білім беру тапсырысы, (орын) оның ішінде қаржыландырылатын республикалық нысаналы	Бір айға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, (теңге) оның ішінде қаржыландырылатын жергілікті республикалық нысаналы трансферттер	Бір айға ата-ананың ақы
	жергілікті бюджет		

№	дейінгі ұйымдар	трансферттер есебінен	есебінен	есебінен	бюджет есебінен	төлеу мөлшері (теңге)
1	Мектепке дейінгі шағын орталықтар	550		13546		5000
2	Балабақшалар	1055	472	18860	25152	5000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК